

**СТАНДАРТТАУ, МЕТРОЛОГИЯ ЖӘНЕ СЫНАҚТАН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ
СЛОВАКИЯ ОФИСІ**

МЕН

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ**

АРАСЫНДАҒЫ

**СТАНДАРТТАУ, МЕТРОЛОГИЯ, ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ, СӘЙКЕСТІКТІ
БАҒАЛАУ ЖӘНЕ СӘЙКЕСТІКТІ БАҒАЛАУ ОРГАНДАРЫН АККРЕДИТТЕУ
САЛАЛАРЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ**

ТҮСІНІСТІК МЕМОРАНДУМЫ

Стандарттау, метрология және сынақтан өткізу жөніндегі Словакия офисі мен Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі (бұдан әрі жеке аталғанда – «Тарап», бірлесіп – «Тараптар» деп аталады),

Сапа инфрақұрылымының саясатын дамыту және экономикалық бәсекелестікті ілгерілету ниетін көздей отырып,

Словакия Республикасының Еуропалық Одаққа мүше ретінде қабылдаған міндеттемелерін ескере отырып,

Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше ретінде қабылдаған міндеттемелерін назарға ала отырып,

стандарттау, метрология, техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау және сәйкестікті бағалау органдарын аккредиттеу салаларындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ұмтыла отырып,

теңдік және өзара тиімділік қағидаттарына негізделген екіжақты қарым-қатынастарды дамытуға қолайлы жағдайлар жасауға ниеттене отырып, келесідей өзара түсіністікке қол жеткізді:

**1-БӨЛІМ
МАҚСАТЫ**

Осы Түсіністік меморандумының (бұдан әрі – «Меморандум») мақсаты – Тараптардың стандарттау, метрология, техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау және сәйкестікті бағалау органдарын аккредиттеу салаларында ынтымақтастық орнатуға дайындығын білдіру және осы ынтымақтастыққа байланысты ортақ мақсаттар мен жауапкершіліктерді сипаттау. Осы Меморандум шеңберіндегі нақты іс-шаралар Тараптардың өзара консультациялары арқылы айқындалады.

2-БӨЛІМ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ САЛАЛАРЫ

Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес, келесі бағыттар бойынша ынтымақтастық орнатылады:

- a) Сапа инфрақұрылымы, соның ішінде стандарттау, метрология, техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау, аккредиттеу және сапа салаларындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық;
- b) Қағаз немесе электронды тасымалдағыштар арқылы ақпарат алмасу;
- c) Стандарттау, метрология, техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау және аккредиттеу салаларындағы заңнамалық ақпарат алмасу;
- d) Техникалық ақпаратпен, анықтамалық деректермен, материалдармен және басылымдармен алмасу;
- e) Келісілген шарттар негізінде мамандармен алмасу, кадрлардың біліктілігін арттыру және консультациялар өткізу;
- f) Бірлескен іс-шараларды (семинарлар, ғылыми-техникалық жобалар, конференциялар және т.б.) ұйымдастыру арқылы ынтымақтастық пен білім алмасуды кеңейту;
- g) Сәйкестікті бағалау саласындағы білім мен ақпаратпен алмасу;
- h) Аккредиттелген немесе аккредиттеу алдындағы зертханалардың салыстырмалы сынақтарға (Proficiency Testing) немесе қажет болған жағдайда зертханалараралық салыстыруларға қатысуын ынталандыру;
- i) Метрология саласында калибрлеу және өлшеу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында халықаралық және зертханалараралық салыстыруларға зертханалардың қатысуын ынталандыру;
- j) Халықаралық құқықтар мен міндеттемелерге сәйкес, аккредиттелген сәйкестікті бағалау органдарының сынақ нәтижелерін өзара тануды ынталандыру;
- k) Тараптардың аккредиттеуден өткен сәйкестікті бағалау органдары туралы ақпаратпен алмасу;
- l) Халықаралық ұйымдар шеңберінде ынтымақтастық және өзара қолдау көрсету;
- m) Өзара мүдде салаларында жұмыс тобын құру.

3-БӨЛІМ

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

1. Егер белгілі бір ақпаратты тарату ұлттық заңнамаға сәйкес (мысалы, жеке деректерді қорғау, коммерциялық құпия, банк құпиясы және т.б.) тыйым салынса немесе Тараптардың мүдделеріне қайшы келсе, мұндай ақпаратпен алмасу жүзеге асырылмауы мүмкін.

2. Егер берілген ақпарат басқа Тарапқа арнайы ескерту жасалмаса, ол құпия түрде сақталуы тиіс.

3. Ақпаратты үшінші тараптарға таратуға тек Тараптардың жазбаша келісімімен ғана рұқсат етіледі. Ақпараттың құпиялығын сақтау үшін ұлттық заңнамада арнайы талаптар көзделген жағдайда, жіберуші Тарап бұл туралы қабылдаушы Тарапты хабардар етуі тиіс.

4-БӨЛІМ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

1. Осы Меморандум шеңберіндегі бірлескен іс-шаралар екі Тараптың кадрлық және қаржылық мүмкіндіктерінің болуына байланысты жүзеге асырылады.

2. Меморандум шеңберінде көзделген әрбір іс-шара бойынша қаржылық шарттар алдын ала жазбаша түрде жеке келісілмеген жағдайда, әр Тарап өз шығындарын өзі өтейді.

5-БӨЛІМ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың жазбаша келісімі негізінде енгізілуі мүмкін. Олар осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын Хаттамалар түрінде ресімделіп, 9-бөлімде көзделген тәртіппен күшіне енеді.

6-БӨЛІМ БАЙЛАНЫС НҮКТЕЛЕРІ

Тараптар осы Меморандумды іске асыру үшін жауапты тұлғалардың байланыс деректерін өзара алмасады және олар өзгерген жағдайда бір-бірін уақтылы хабардар етеді.

7-БӨЛІМ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

Бұл Меморандум халықаралық шарт болып табылмайды және халықаралық құқық бойынша міндеттемелер туындатпайды. Меморандумды түсіндіру және орындауға байланысты даулар Тараптар арасындағы өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

8-БӨЛІМ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ

Бұл Меморандум Тараптар арасындағы ынтымақтастықты арттыру және дамыту мақсатында жасалып отыр және халықаралық құқық бойынша міндеттемелерді туындатпайды.

9-БӨЛІМ
КҮШІНЕ ЕНУІ ЖӘНЕ ТОҚТАТЫЛУЫ

1. Бұл Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және бес (5) жыл мерзімге қолданылады. Осы мерзім аяқталғаннан кейін, ол бес (5) жыл мерзімге автоматты түрде ұзартылып отырады, егер Тараптар оны өзгертпесе немесе тоқтатпаса.
2. Меморандум кез келген уақытта Тараптардың бірі екінші Тарапқа алты (6) ай бұрын жазбаша хабарлама беру арқылы тоқтата алады.
3. 2025 жылғы 11 маусымда Астана қаласында қазақ, ағылшын және словак тілдерінде екі түпнұсқа данадан қол қойылды. Барлық мәтіндер бірдей заңды күшке ие. Түсіндірудегі алшақтықтар болған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады.



**Стандарттау, метрология және
сынақтан өткізу жөніндегі
Словакия офисі атынан**

**Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция
министрлігі атынан**